

Атырау облысы Білім беру басқармасының  
Құрманғазы аудандық білім бөлімінің «Мерей» бөбекжай  
балабақшасының Коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорыны «Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №4

**Өткізілген уақыты : 3.05.24**

**Қатысқандар:** «Мерей» бөбекжай балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері:

**К ү н т ә р т і б і н д е қ а р а л а т ы н м ә с е л е :**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс нәтижелерін талдау.
2. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша психологы Насипова Л.Д жыл бойы өткізілген жұмыстарға тоқталып, шолу жасап өтті. Балабақшамызда қамқоршылық кеңесі құрылғандығының зор пайдасы бар екендігін атап өтті. Тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстары, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылған жұмыстар, түзете – дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды барлығы қамтылды.

2 Екінші мәселеге қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сәлімғали Руфина балалардың жазғы сауықтыру шараларын мейлінші қызықты етуге ат салысуымыз қажет. Жазғы сауықтыруда өтетін спорттық ойындарға , танымдық ойындарға, құрал жабдықтарының қамытлуына жағдай жасасақ.

**Сөйлеушілер:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ихсанова Айдос Қамқоршылық кеңесінің жұмысына толық қанағаттанамын. Бірлесіп жоспарға сай көптеген жұмыстар атқарылды. қамқоршылық кеңесінің жұмысы, әлі де өз жалғасын табады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Мейірханқызы Анар Жазғы сауықтыру жұмыстарына да тоқталып кетті , Баланың ең демалатын кезі бұл жаз мезгілі , сондықтан сауықтыру жұмыстарына мейлінше назар аударып, ұжыммен бірлесе отырып жұмыс жасауымыз керек.

## Шешім

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру кеңес мүшелеріне тапсырылсын.
2. Жазғы сауықтыру шараларын тиімді ұйымдастыру әдіскер Наурызбаева Б.Т-ға сонымен қатар қамқоршылық кеңес мүшелеріне тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:

Хатшы:



Ихсанов А.Ш

Хисина Р